«БЕКІТЕМІН: ________
«Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйым
басшысы Ж.М.Исқақова.
«01» 09 2025 жыл.

# «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымының 2025-2026 оқу жылына арналған «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған музыка оқу қызметінің перспективалық жоспары.

## «Балдырған» ортаңғы тобы.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025- 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

**Топ/сынып Балдырған жас 3жас**

Балалардың жасы жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қыркүйек 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка | -Көңілді және баяу музыкамен таныстыру;<br>-Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды үйрету;<br>-Ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай). |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | Музыка | -Мазмұны бойынша балаларға жақын әннің әуені мен сөздерін тыңдау;<br>-Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату) үйрету;<br>-Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Қараша | Музыка | -Таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу;<br>-Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды);<br>-Қоңырау, сылдырмақ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету.<br>-Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Музыка | -Музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау;<br>-Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау);<br>- Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау;<br>-жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | Музыка | -Таныс музыкалық шығарманы тыңдауда тану, көтеріңкі көңіл-күймен қабылдау;;<br>-қарапайым ойын әрекеттерін музыка сүйемелдеуімен орындауға дағдылану;<br>-әуеннің көңіл-күйіне эмоционалды үн қату, қимылдау;<br>-сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. |

| Ай[redacted] | Ұйымдастырылған іс-әрекет[redacted] | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| [redacted] | Музыка | -Әннің әуені мен сөздеріне мән беріп тыңдау дағдыларын қалыптастыру;<br>-Ересектердің орындауындағы әннің сөздерін қосылып орындау (сөз тіркестерін қайталау);<br>- Асатаяқ аспабын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету;<br>-Би әуендерінің көңілді сипатын күрделі емес қимылдармен келтіру. |

| Ай[redacted] | Ұйымдастырылған іс-әрекет[redacted] | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| [redacted] | Музыка | -Ән тыңдауда көңілді және қалыпты сипаттағы әуендерді ажырату;<br>-Әннің сөзін әуенімен қайталап, жетекшінің дауысына еліктеп орындау;<br>-Асатаяқ аспабымен қарапайым ырғақтар соғу, үнінен тану;<br>-Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу; |

| Ай[redacted] | Ұйымдастырылған іс-әрекет[redacted] | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сәуір | Музыка | -Музыканы тыңдауда есте сақтауын дамыту, таныс шығарманы көңілді қабылдау;<br>-Көңілді және баяу сипаттағы әндерді қабылдау, ән айтуда қолдану;<br>-Ағаш қасықтарды қарапайым ырғақ соғуда қолдану, ырғақтарды сезіну;<br>-әннің жеңіл ырғақтарын шапалақпен соғу, аяқпен топылдату; |
| Мамыр | Музыка | -музыканы соңынат дейін мұқият тыңдай білу, көңіл-күйін сезіну;<br>-музыка сүйемелдеуімен ойын әрекеттерін орындау, ойын әрекеттерінде қимылдар орындау;<br>-Сылдырмақ, қоңырау, асатаяқ, аспатарын сылдырлатып, барабан, ағаш қасықтарды соғып ойнау. |
| | | |